

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2018 жылғы 14 желтоқсан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

14 декабря 2018 года

MATERIALS

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND
TOMORROW**

Астана 2019

ӘОЖ 070 (063)
КБЖ 76.01
Қ 17

Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина

**Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы
А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова**

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070 (063)
КБЖ 76.01

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

ISBN978-601-337-114-6

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ: ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.....	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ.....	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырак БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

М.: Вершина, 2009. - 232 с. Викентьев И. Приемы рекламы и публичных рилейшенз. – СПб.: Бизнес-Пресс, 2007. – 406 с.

Герасимова М.В. Брендинг: PR-технология. СПб.: Справочники Петербурга, 2007. – 112 с. Доскова И.С. «Public relations: теория и практика/ И.С.Доскова. - Москва: Альфа-пресс, 2014.-152 с.

Коммуникации и PR в нефтегазовой отрасли / Нефтяники. – 2012. - №18. – С. 88. – 101. Кузнецов В.Ф. Связи с общественностью: теория и технологии. – М.: Аспект-Пресс, 2007. – 302 с.

ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қоғаммен байланыс» мамандығының 2 курс магистранты

Аңдатпа. Зерттеу пәні — Қазақстандағы цифрландыру процесі аясындағы халықтың цифрлық технологияларды қолдана отырып, қызмет алуын оңтайландыру және ақпаратқа қолжетімділік мәселесі. Мақалада заман үрдісінен кешеуілдеп, заманауи ақпараттық технологияларды, АТ-шешімдерді қолданбаудың кесірінен коммерциялық не болмаса мемлекеттік ұйымның имиджіне әсер ететін кедергілер анықталған. Автор көпшіліктің «Интернет — “дәстүрлі” ретінде саналатын құндылықтардың барлығын жоюшы» деген қисынсыз түсінігін өзгертуге тырысқан. Керісінше, осы компьютерленген заманның адам өмірін қаншалықты жеңілдеткені, қандай жолдардың ашылғаны баяндалған. Үлкен деректер, сан түрлі мобильді қосымшалар мен құрылғылар, әлеуметтік желілер және адамзат өміріндегі басқа да жаңа цифрлық әзірлемелер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын, ақпараттарды сақтау тәсілдерін, жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін түбегейлі өзгертіп жатыр. Мақалада цифрландыру үдерісінің артықшылықтары және оларды экономиканың түрлі салаларында тиімді қолдану шаралары ұсынылған.

Кілт сөздер: цифрландыру, ақпараттық технологиялар, АТ, компьютерлендіру, автоматтандыру, ақпаратқа қолжетімділік.

Цифрлық революцияның қоғам өмірінің барлық салаларына екпіндеп еніп жатқанына бәріміз куәміз. Қазіргі таңда көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы саналады. Мемлекетіміз жаһандық трендтерден қалыс қалмауы үшін қандай бағыттарда басымырақ әрекет етуі тиіс?

Бүгінгі таңда Қазақстан ауқымды түрлендірулерді (трансформацияны) бастан өткеріп жатыр, соның бір мысалы — «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы. Елімізде жаппай цифрландыру шаралары қолға алынған. Бастауыш сынып оқушысын

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

компьютерлік сауаттылыққа оқытудан бастап, ірі кәсіпорындарымыз да өз қызметтеріне цифрлық технологияларды енгізіп жатыр.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес негізгі бағыттан тұрады, атап айтсақ: цифрлық мемлекетке көшу, адам капиталын дамыту, экономика салаларын цифрландыру, цифрлық жібек жолын іске асыру және инновациялық экожүйені құру [1].

Бағдарлама аясында мемлекетімізде ұзын-сонар кезектерде тұру, есіктен есікке қағаз тасу, қағазбастылық, анықтама алу үшін бірнеше шақырым алыста орналасқан ғимаратқа бару және т.б. секілді уақытқа шектеу қоятын мәселелер оңтайлы шешімін тауып жатыр.

Жалпы деректерге сүйенсек, елімізде 200-ден астам қызмет түрін тек электронды форматта ұсынып, қағаз айналымын едәуір қысқарту көзделген.

Мемлекеттік басқаруда қоғамдық пікірді анықтап алу маңызды міндеттердің бірі. Қоғамдық пікірді білуге арналған PR құралдары бүгінде цифрланған форматтарда жүргізіледі. Мәселен, қағаз түріндегі анкеталар, сауалнама, тестілер қазіргі таңда SurveyMonkey секілді онлайн-сауалнама бағдарламалары арқылы жүргізіледі. Қоғамдық пікірді анықтау түрлі болуы ықтимал дағдарыстық жағдайлардың алдын алуға, халық арасындағы өзекті де күрделі мәселелердің шешімін табуға, осылайша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге жол ашады [2].

2017 жылғы 29 желтоқсанда сәбидің дүниеге келуімен байланысты қызметтерді проактивті көрсету жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды. Проактивті қағида дегеніміз, яғни мемлекет азаматтың өтініш беріп жүгінгенін күтпестен, өзі азаматтарға «қамқорлық» түрінде қажетті іс-қимылдарды алдын ала өзі реттей береді. Мәселен, осыған дейін сәбилі болған аналар баланың туу туралы куәлігін алып, мемлекеттік органдарға немесе мемлекеттік корпорацияға барып, оны тіркеп, балабақша кезегіне қойып, құжаттарын арқалап жүріп бала туғанда берілетін жәрдемақыны алатын болса, қазір аталған әлеуметтік жәрдемақыны ұялы телефон арқылы ала беруге болады.

Қоғам өмірін жеңілдету мақсатында денсаулық сақтау саласында цифрландырудың арқасында ауруларды басқару, оңалту, медициналық көмек көрсету, сауықтыру және профилактика, ауруларды ерте анықтау, қандай да бір препаратқа аллергиясы бар-жоғын білу, бұрында ауырған жерлерін білу сияқты қызмет түрлері электронды жүйеге көшіріліп жатыр. Бұл үшін «Электронды денсаулық паспорттары» енгізіліп жатыр. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов 4 қыркүйекте Үкімет отырысында 2020 жылға қарай еліміздің әрбір азаматы аталған денсаулық паспортымен жүз пайыз қамтылатынын айтты. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласында қағаз түріндегі есеп беруден бас тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мәселен, қазіргі таңда халыққа электронды түрде алдағы күндері өтетін кәсіби тексерулер мен скринингтер туралы электронды түрде хабарланып тұрады. Қазіргі таңда Damumed мобильді қосымшасы

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

іске қосылған, аталған бағдарлама арқылы үйге дәрігер шақыруға, дәрігердің қабылдауына жазылуға, медицина мекемесіне тіркелуге болады [3].

Білім беру саласында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында барлық мектептерді, орта білім беру мекемелерін жоғары жылдамдықты интернетке қосу, кабинеттерді компьютер техникаларымен 100% қамтамасыз ету шаралары іске асырылып жатыр, мектептерде «Күнделік» электронды жүйесі іске қосылған.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында «е-Шаңырақ» бірыңғай ақпараттық жүйесі қолға алынған. Аталған жүйе барлық коммуналдық қызметтерді онлайн басқаруға, қызмет түрлеріне онлайн тапсырыс беруге, тұрғындардың пікірін е-сауалнамалар арқылы орталықтандырылған түрде алуға мүмкіндік береді.

Бұдан өзге, электронды еңбек биржасына (ЭЕБ) тоқталып өткен жөн. ЭЕБ жұмыссыз азаматтардың қысқа уақыт ішінде жұмыспен қамтылуына, жұмыс берушілерге өздеріне қажетті маманды түйіндемелер арқылы жылдам табуына мүмкіндік береді. Мұнда бос жұмыс орындары, жұмыс іздеушілердің түйіндемелері, кәсіпорындар мен ұйымдардың байланыс мәліметтері орналастырылады. Мақсаты — еліміздегі жұмыссыздар санының төмендеуіне ықпал ету.

Сонымен қатар, соңғы жылдары электронды сауда қарқынды түрде дамуда. Қолма-қол ақшасыз төлем, интернет-банкинг арқылы коммуналдық төлемдерден бастап, салық, айыппұл, қызмет ақылары, тіптен несиені өтеуге болады.

Дегенмен, мәселенің екінші жағын да қарастырып өткен жөн. Жаппай цифрландыру салдарынан көптеген адамдар жұмыс орындарынан босап, жұмыссыздық мәселесінің орын алуына әкелуде. Сондықтан да, цифрлық технологияларды қолданысқа енгізбестен бұрын, жұмыстан босап қалатын азаматтарды басқа жұмысқа орналастыру мәселесін қарастыру қажет.

Тағы бір айта кетерлік жайт, еліміздің ірі қалаларында Smart City жобасы іске асырылып жатыр. Smart City тұжырымдамасының негізгі мақсаты — елімізде қауіпсіздікті, жайлылықты, уақыт және энергия үнемдеу әрі адам іс-әрекеттерінен болатын қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендету.

Қазақстанда ақылды қала саласында ұлттық стандарттар бекітілді. Олар тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, транспорт, білім беру, денсаулық сақтау, энергия үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау және ақпараттық технологиялар саласындағы инновациялық шешімдер есебінен, қауіпсіздік пен қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қоса алғанда, қалалық процестерді орталықтандырылған басқарудың түбегейлі жаңа мүмкіндіктерін, біртұтас талаптарды реттейді [4].

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Бұған Астана мен Алматыдағы Astra LRT, «Оңай» интеллектуалды көлік жүйесін, жасанды зерде негізінде жасалған бағдарламаларды, «Сергек» жүйесі, т.б. мысалға келтіруге болады.

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауында цифрлық білім беру ресурстарын дамытып, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеокұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін айтқан болатын. Сондай-ақ, аталған жолдауда Президент мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды екенін атап өтті [5].

Бұдан өзге, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы салаларды цифрландырумен қоса, ақпараттық технологиялар саласында білім беру гранттарының санын көбейту, тренингтер өткізу мен мемлекеттік қызметкерлердің, жалпы еліміздің білім беру, денсаулық сақтау және т.б. салалары мамандарының біліктіліктерін арттыру, компьютерлік сауаттылықты арттыру шараларын қамтиды.

Үкіметтің халықпен жұмысындағы цифрландыру көріністерін электронды үкімет порталындағы қызмет түрлерінен, мемлекеттік органдардың ресми сайттарындағы блогтардан, т.б. байқауға болады.

Саясаттағы интернет-коммуникация үкіметтің қоғам алдындағы жауапкершілігін еселей түсіп, азаматтардың қандай да бір шешімдердің қабылдануына тигізетін әсерін, қосар үлесін арттырады [6]. Мысал келтірер болсақ, 2012 жылы Исландия билігі краудсорсинг технологиялары мен Facebook әлеуметтік желісінің мүмкіндіктерін қолдана отырып, жаңа конституцияны талқылауға азаматтарды тартқан [7].

Ғаламтордың интерактивтілік және ақпарат алудың/таратудың жылдамдығы секілді артықшылықтарының арқасында билік органдары мен халық арасында қарым-қатынас жүйелі түрде ретке келтіріліп жатыр. Ақпараттың айқындығы, кері байланыс жақсы жүргізіліп жатыр, оған апта сайын өтетін Үкімет отырыстарының, экономикалық, саяси мақсаттағы форумдардың тікелей эфирде телеарналарда, әлеуметтік желілерде таралуы дәлел.

Университет жастары арасында жүргізген сауалнамада 10 студенттің 7-еуі қандай да бір ұйым туралы ақпарат іздеген кезде алдымен олардың әлеуметтік желілерін іздейтіндерін айтты. Бұл дегеніміз тіптен ресми сайттардың әлеуметтік желілердегі аккаунттарға қарағанда сұранысы төмен екенін көрсетеді. Олардың бағалауынша, әлеуметтік желідегі парақшаларының болуымен қатар, соңғы жарияланған посттың қай күні шығарылғаны маңызды. Әлеуметтік желі түгілі, ресми сайты жоқ ұйымдарды бірден имиджі төмен мекемелердің қатарына еріксіз жатқызамыз дейді жастар. Сондықтан да, әр мекемеде SMM-маманы болып, цифрлық технологияларды, интернет мүмкіндіктерін барынша пайдаланғаны жөн.

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Қорытындылай келе, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының елімізде қолға алынуы әлемде енгізіліп жатқан жаңа ғылыми-техникалық әзірлемелерді алдыңғылардың бірі ретінде қолданысқа енгізіп, азаматтарды тең дәрежеде ақпараттық сауаттылыққа дайындайтыны айғақ. Бағдарлама еліміздің экономикалық өсімге қол жеткізіп, әлем елдері арасында бәсекеге қабілеттігін арттырумен қатар, ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бет алған әлеуметтік салаларға да оң әсер беретінін естен шығармау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы
https://primeminister.kz/kz/page/view/tsifrlık_kazakstan_memlekettik_ba_gdarlamasi
2. Кондрашина Н. В. Интернет как технология политического PR: теоретико-методологические основы использования. 2008;7(150):174–183.
3. <http://www.cit-damu.kz/>
4. <https://primeminister.kz/kz/news/all/kontseptsiya-smart-sity-vnedryaetsya-v-pyati-krupneishih-gorodah-kazahstana-d-abaev-15843>
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы
http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
6. Авзалова Э. И. Современная дискуссия о роли интернета в политике. 2014. Т. 156. С.208-213
7. Маковейчук А. В. Интернет-технологии как инструмент реализации цифровой политики в российском регионе на современном этапе. 2018. 1(69). С. 47-54.

НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ

АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университетінің студенті,
Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы*